Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2023 жылғы 27 желтоқсан іс №1912-23-00-2/2859 Қонаев қаласы Алматы облысы

Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.А.Қожахметов оңайтылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен соттың ғимаратында қойылған талаптар бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігінің «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Несибели» атынан әрекет ететін Турсын Жәнібек Дәулетұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226 баптарының талаптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШТІ :

Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігінің «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Несибели» атынан әрекет ететін Турсын Жәнібек Дәулетұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Несибели» атынан әрекет ететін Турсын Жәнібек Дәулетұлынан мемлекет пайдасына 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге көлемінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге – осы шешімінің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды канағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасынаапелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Қожахметов Б.А.**

Құжатқа қол қойылған: Кожахметов Б. А., 29.12.2023

Заңды күшіне енген күні: 29.01.2024, судья Кожахметов Б. А., 19.02.2024

1912-23-3-1/3298